

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 тамыздағы № 216 "Геология саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 308 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әдіlet департаментінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 5499 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 178 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 30.07.2020 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Зандарына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 тамыздағы №216 "Геология саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4048 тіркелген, 2015 жылы 1 қазанда "Орал өнірі" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақта;

5) және 6) тармақшалары алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Болашақ құрылымдың участекі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116 үй мекенжайы бойынша орналасқан "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №501 "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2015 жылғы 26 маусымда №11452 тіркелді) бұйрығымен бекітілген "Болашақ құрылымдың участекі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз

мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116 үй мекенжайы бойынша орналасқан "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің (бұдан әрі – Комитет) келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі 2015 жылғы 28 сәуірдегі №501 "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 маусымда №11452 тіркелді) бұйрығымен бекітілген "Пайдалы қазбалар жатқан аландарда құрылыс салуға, сондай-ақ жинақталған жерлерде жерасты құрылыштарын орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.";

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, тіркеу және сақтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116 үй мекенжайы бойынша орналасқан "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі 2015 жылғы 28 сәуірдегі №501 "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 маусымда №11452 тіркелді) бұйрығымен бекітілген "Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.".

2. "Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ә.Б.Мұханбетжанова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары И.В.Стексовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*A.Көлгінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК